

Ұлттық Банктің 1000 теңгелік банкноттар туралы ақпараттық хабары

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес **Ұлттық Банк Төрағасының** Қазақстан теңгесі банкноттарында **қолтаңбасының қойылуы туралы талаптың** 2016 жылдан бастап **алып тасталғанын** еске салады.

Қазіргі уақытта айналыста Ұлттық Банк Төрағасының қолтаңбасы қойылған, сол сияқты қолтаңбасы қойылмаған номиналы 1000 теңгелік банкноттар бар, қалған бөлігінде олар бірдей болып табылады. **Бұл банкноттар заңды төлем құралы болып табылады және төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға міндетті!**

Сұрақтар туындаған жағдайда Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасына +7 (727) 2788 058, 2619-234, 2704-585 телефондары бойынша және Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасына +7 (727) 259 68 14 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Бұқаралық ақпарат құралдарына арналған байланыс телефондары:
+7 (727) 2704-585, +7 (727) 3302-497.

